



Ел жүргі - елорда шекіресі

АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҰШ ТІЛДІ БІЛУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Бәріміз де уақытқа тәуелдіміз. Ешкім де одан асып кете алмайды. Заман ағымына сай уақыт талап ететін қажетті дүниелер болады. Соның бірі – кейінгі кезде көп айтылып жүрген ұш тұғырлы тіл. Оны біреу қолдайды, келесі басқаша пікір өрбітеді.



ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ЖЕТИСТІГІ ЖОҒАРЫ

2006 жылы Қазақстан халқының Ассамблеясының жиынында Елбасы алғаш рет ұш тұғырлы тіл туралы ой қозғады. 2007 жылы Мемлекет басшысы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында «Тілдердің ұш тұғырлығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Міне, осы бағыт бойынша еліміздегі орта мектептерге үштілділік жобасын енгізу қолға алынды. Оған республика көлемінде 33 жалпы білім беретін оқу ордасы тәжірибе алаңы ретінде таңдалды. Сол мектептің бірі – елордадағы №48 мектеп-лицейі. Бұгінде аталған оқу ордасында оқушыларға ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылады.

Бізді мектеп директоры Зәуре Жаканқызы жылы шыраймен қарсы алды. Өзі де ұзақ жыл ұстаз болған кісі. Білім саласындағы тәжірибесі мол екендігі сөз саптасынан байқалды. Бес тілде еркін сөйлейді, еркін ойлайды. Мектепте жеткіншектер мемлекеттік тілде білім алады. Оқу ғимараты 2003 жылы пайдалануға берілген. Ашылған күннен бастап оқу ордасында оқушыларға шет тілін үйрету пәні бойынша ағылшын тілі жүргізіледі. Эрине, «Тілдердің ұш

тұғырлығы» атты мәдени жобаны бастап кету де оңай болған жоқ. Ол туралы мектеп басшысы сөзді әріден қозғады.

– Біздің мектеп әуелден ағылшын тілін оқытуға бейімделген. 2007 жылдан бастап «Тілдердің үш тұғырлығы» атты мәдени жоба мектепке енді. Жобага кірген оқу ордалардың бәрі республикалық «Дарын» ғылыми-тәжірибелік орталықтың жүйесіне кірді. Олардың көбі балаларға тілдік орта жасау үшін мектеп-интернат ретінде ашылды. Біздің оқу ордамызда бүгінде екі мыңнан аса бала білім алады. Оның 400-ден астам оқушысы үш тілде оқиды. Негізінен, ағылшын тілі 5-11 сыныптар арасында терендетілген, 5-6 сыныптағы оқушылар сәл жеңілдетілген түрде оқыса, 7-сыныптан бастап ағылшын пәні күрделене түседі. Әрине, мектеп әлі тәжірибе алаңы болғандықтан, екі сынып қана іріктелген. Оқу ордасында биология және география сабағы толықтай ағылшынша өтеді. Алғашында білікті мамандардың қажеттілігі болды. Сол кезде бар салмақ мектептегі ағылшын тілі пәнінен сабак беретін мұғалімдерге түсті. Олардың қабілеті қандай пәнге жақын болса, соны игеруге тұра келді. Керісінше, физика, математикадан сабак беретін мұғалімдерге ағылшын тілін үйрету қыын болды. Бастапқыда оқулық тапшылығы да байқалды. Аудармамен жұмыс істеген күндер болды. Соның барлығын біртіндеп жеңіп келеміз. Қазіргі күні тәжірибе мектепте ойлаған деңгейде жүргізілуде. Бастысы, балалар тілді игеріп әкетті, – деді Зәуре Садықова.

Мектеп басшысы бізге балалардың тілді игеруге деген құштарлығы мен алғырлығын зор ілтипатпен айтты. Соңғы жылдары оқушылар ағылшын тілінен халықаралық, республикалық олимпиадаларға қатысып, жоғары жетістіктерге қол жеткізген. Тіпті, Польша, Грузия секілді мемлекетте өткен байқауда ағылшынша ғылыми жұмыстар қорғап, биік белеске көтерілген.

БАЛАЛАР ТІЛДІ ОЙНАП ҮЙРЕНЕДІ

Биылғы жаңа оқу жылында мектеп табалдырығын аттаған балғындар сегіз сыныпты құраған. Олардың барлығы да ағылшын тілін оқиды. Қазір қоғамда «Бірінші сыныптан бастап ағылшын тілін оқыту қыын. Оны бала алып жүре алмайды. Жеткіншектің миына салмақ түседі» деген сөзді жиі естіміз. Осы сұрақты Зәуре Жақанқызына біз де қойдық. Ол кісі оған күмілжімей жауап берді.

– Мен өзім тіл маманымын. Осы саланы теренірек зерттедім. Әдістемелік құралдар да жаздым. Бала тілді қалай үйренеді? Әрине, ойнап жүріп, еркін үйренеді. Оларға тілді үйреткен кезде, бірден грамматикаға кіріп кетуге болмайды. Сондықтан бірінші сыныптағы балалар тілді қиналмай менгеру үшін тиімді бағдарлама жасалған. Оларға арналған ағылшын тіліндегі оқулық сапалы шығарылған. Оның ішінде түрлі-түсті суреттер мен жұмыс дәптері бар. Мұғалімге арналған әдістемелік құрал да кездеседі. Ол баланың

санасына ешқандай салмақ түсірмейді. Әрине, ол бағдарлама көп талқылаудан, зерттеуден өтті. Бала – кішкентай болса да, жеке тұлға. Әр балғынның қабылдауы да әртүрлі. Сондықтан оның барлығы ескерілген, – дейді оқу ордасының басшысы.

Жалпы, мектепте оқу бағдарламасына байланысты мониторинг жүргізіледі. Балалардың білім саласындағы жетістіктері сарапқа салынады. Ата-аналардың да пікірлері ескеріледі. Қысқасы, оқу ордасында тәлімдік пен тағылымдық дүниелер көп айтылады.

ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАЛАРЫ ҚАБІЛЕТТИ

Расында, аталған мектепте оқып жатқан оқушылар ағылшын тілінде еркін сөйлеп, ойларын еркін жеткізеді екен. Және оны ауызекі тілде емес, ғылыми тілде айтады. Оны біз ағылшынша өткен биология сабағынан байқадық. Пән мұғалімі Гайни Керімбайқызы – ұлағатты ұстаз атанған жан. Білім саласындағы тәжірибесі де мол. Оқушылардың құрметіне бөлениген. Балалар оның сабағын бар зейіндерімен тыңдайды.

– Үш тұғырлы тіл жобасын алғаш эксперименттен бастадық. Өйткені, оны бірден бастап кету қын болды. Әуелі 2-3 сынып бойынша тәжірибе алаңын жасадық. Оған оқушыларды дайындадық. Қабілеті мол, тілге бейім балаларды тарттық. Сыныпқа 25 баланы іріктеп алдық. Алғаш биология пәнін ағылшынша өткіздік. Алдымен жеткіншектерге сабактың тақырыбына, бағдарламасына байланысты терминдер арқылы сөйлеуді үйреттік. Қажетті оқулықты мектеп басшылығы тауып берді. Қалалық білім басқармасынан 7-8 және 10-11-сыныпқа арналған ағылшынша кітаптар берілді. Соның барлығы да үлкен көмек болды.

Біздің мақсатымыз – балаларды ағылшын тілінде жай ғана емес, ғылыми тілде сөйлетуге үйрету. Оларға ауызекі тілде сөйлеу қызық емес. Болашақ мамандар ағылшын тілінің қажеттілігі зор екенін түсінеді. Тапсырманы да қызығып орындаиды. Талай білім байқауларында жеңімпаз атанды. Бүгінгі күні биология пәні бойынша үш оқушымыз ағылшын тілінен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ғылыми жобамен айналысада. Соның барлығы – біз үшін мақтаныш. Қазақтың балалары тұмысынан қабілетті. Тек дұрыс бағыттап, бағдарлап отырсақ, әлі талай биікті бағындырады, – дейді Гайни Аликулова.

Аталған мектепте география пәнінен ағылшынша сабак беретін Әлима Бөлебаева да әріптесінің ойын қуаттап сөйледі. «Әрине, балалар кейде ағылшынша түсінбей жатса, қазақша мағынасын айтып береміз. Негізінен, ағылшын тілі сараптамаға жақын. Нақтылықты қалайды. Оқушылар оны тез қабылдайтыны да содан» дейді ол.

Түйіндей келгенде, бабаларымыз «Білімді адамның алды жарық» деп тегін айтпаған. Бүгінгі таңда үш тұғырлы тілді менгерген баланың болашағы зор.

Сондықтан оған сеніммен қарау қажет. Біз оны елордадағы №48 мектеп-лицейінде оқып жатқан жас жеткіншектердің жетістігінен көрдік.